**2010 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға алуға (жалға беруге ) немесе кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы бойынша коммуналдық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 80 қаулысы. Қостанай облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 31 наурызда № 3709 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 436 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.10.29 № 436 қаулысымен.

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңына және "Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен мүліктік жалға алуға (жалға беруге) немесе сенімгерлік басқаруға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі № 327 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған тендер негізінде 2010 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға алуға (жалға беруге) немесе кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы бойынша коммуналдық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *С. Кулагин*

Әкімдіктің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 80 қаулысымен бекітілген

**2010 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға алуға (жалға беруге) немесе кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен сенімгерлік басқаруға беруге жататын Қостанай облысы**

**бойынша коммуналдық мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерінің тізбесі**

| Р/с № | Объектінің атауы | Объектінің мекенжайы және баланс ұстаушысы | Негіздеме | Объекті-нің ахуалы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Жалпы ауданы 161,5 шаршы метр бұрынғы алты пәтерлі тұрғын үй ғимараты | Денисов ауданы, Зааят селолық округі, Зааят селосы, Дорожная көшесі, 51, "Денисов ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2010 жылғы 6 қаңтардағы № 19 хаты | Қирауға ұшырауда |
| 2. | Жалпы ауданы 278,1 шаршы метр бұрынғы монша ғимараты | Сарыкөл ауданы, Златоуст селосы, "Сарыкөл ауданының Златоуст селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімінің 2009 жылғы 20 желтоқсандағы № 03-11/1171 хаты | Күрделі жөндеуді талап етеді |
| 3. | Жалпы ауданы 174 шаршы метр бұрынғы техникалық қызмет көрсету станция-сының ғимараты | Федоров ауданы, Жаркөл селолық округі, Жаркөл селосы, Луговая көшесі, 48, "Федоров ауданының Жаркөл селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Федоров ауданы әкімінің 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 2-34/49 хаты | Жағдайы қанағат-танарлық |
| 4. | Ауданы 320,1 шаршы метр (бірінші қабаттың орталық бөлігі) жай | Арқалық қаласы, Байтұрсынов көшесі, 10, "Арқалық қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 1-28/1774 хаты | Жағдайы қанағат-танарлық |
| 5. | Жалпы ауданы 1691 шаршы метр | Арқалық қаласы, Горбачев көшесі, 46/1, "Арқалық қаласының | Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімінің 2009 жылғы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бұрынғы қойма ғимараты | қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 24 желтоқсандағы № 1-28/1774 хаты | Қирауға ұшырауда |
| 6. | Жалпы ауданы 876,2 шаршы метр бұрынғы қойма ғимараты | Арқалық қаласы, Горбачев көшесі, 46/3, "Арқалық қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 1-28/1774 хаты | Қирауға ұшырауда |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК